

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

**«ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ:
ТАРИХЫ, ТӘЖІРИБЕСІ, БОЛАШАҒЫ»**
халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

"Елтаным баспасы"

Алматы

2015

1

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ, СӨЗ МӘДЕНИЕТИ

<i>Мусаев С.Ж.</i> Кыргыз тилинин алфавитиндеги жана ага тиешелүү орфографиялық нормадағы айрым кемчиликтер.....	307
<i>Алдашева Қ.</i> Орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді оқыту әдістемесінің лингвистикалық негіздері.....	313
<i>Жаң Диңжиң.</i> Қазақ тіліндегі зат есімнің 8-септік жалғауы.....	316
<i>Сәдуақасұлы Ж.</i> Фонетикалық талдау әдістемесі.....	320
<i>Төленбергенова Н.</i> Мемлекеттік тілді оқытуды жетілдіру	325
<i>Нұрмышева Ш.А.</i> Логоэпистемаларды меңгерту амалдары мен әдістері.....	329
<i>Исмагулова Б.Х., Жонкешов Б.С.</i> Казахская лексика периода независимости: тенденции развития	332
<i>Ғабитханұлы Қ.</i> Латын жазуы – дүниежүзі қазақтарының ортақ жазуы болуға тиіс.....	334
<i>Муханова Ә.Б.</i> Веб-медиа мәтін аудармасындағы орфографиялық интерференция.....	339
<i>Айтпаева А.М., Батаева Ф.А.</i> Ағылшын, орыс, қазақ тілдеріндегі пысықтауыш бағыныңқы сөйлемдерінің түрлері.....	343
<i>Алтыбаева А.Б.</i> Көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәні бойынша оқу модульдерін оқытудың жолдары мен әдіс-тәсілдері.....	348
<i>Ашурметова С.Г.</i> Әңгіме жанрын оқытудың ерекшеліктері.....	354
<i>Байғазы А.Ә.</i> Қазақ тілін ұлтаралық тіл ретінде қолдану.....	357
<i>Дәркенбаева Г.Қ.</i> Қазақ тілі әдістемесі ғылымындағы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі.....	362
<i>Дәркенбаева Ж.Қ.</i> Өзгетілді дәрісханада фразеологизмдерді оқытудың жолдары мен тәсілдері	365
<i>Мадешова Г.Б.</i> Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау мәселесі	370
<i>Мұстафина М.Ә.</i> Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану жолдары.....	373
<i>Мұхамеджанова Г.</i> Көріктеуіш құралдарды оқыту әдістемесін жетілдірудің кейбір тәсілдері.....	376
<i>Рахова К.М., Исагулова Д.Д.</i> Развитие навыков речевой деятельности в процессе групповой работы.....	380
<i>Сейтқазы Е.</i> Қазақ тіліндегі үндесім құбылысы жайлы.....	382
<i>Тілеубергенова Б.Ж.</i> Абай «Қарасөздеріндегі» -лы/-лі жұрнағы арқылы жасалған сын есімдердің мағыналық-қолданымдық сипаты.....	384
<i>Төребекова С.М.</i> Қазақ тіліндегі есімше тұлғаларының адъективтенуі.....	388
<i>Шакибаева М.Е., Ахтаева Н.Х.</i> Қазақ тілін тиімді оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар.....	392
<i>Оспанова Г.С.</i> Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда ойын әдісінің маңызы.....	395
<i>Сәдуақасқызы А.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі түс атаулары	398
<i>Утегенова Г.Ж., Масалиева Ж.А.</i> Мектепке дейінгі мекемелердегі тіл дамыту жұмыстарының маңыздылығы	402
<i>Утегенова Г.Ж., Масалиева Ж.А.</i> Қазақ тіліндегі морфемдік бірліктердің морфологиясы.....	404
<i>Бакиева Ә.К., Байбатанова Ф.І.</i> Болашақ мамандарды кәсіби бағытта даярлау	407
<i>Симбаева С., Байбатанова Ф.</i> Инженер мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдары.....	409
<i>Байбатанова Ф.И., Бакиева А.К.</i> Оқытудың жаңа технологиялары және олардың білім беру жүйесіндегі маңызы.....	412

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәні бойынша оқу модульдерін оқытудың жолдары мен әдіс-тәсілдері

Берілген білім, білік, дағдыларды қалыптастыру үшін оқу үдерісінің әр бөлігін ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету басты талап болып табылады.

Кіріспе бөліктің басты мақсаты мен міндеті – студенттердің оқу, тақырыпқа қызығушылығы мен ынтасын ояту. Оқу үдерісінің бұл сатысында студенттер нені және не үшін білу керектігін саналы түрде түсініп, оны өздерінің таным нысандарына айналдырады. Көркем мәтінді талдауға қатысты негізгі теориялық материал, ақпараттық база осы кіріспе бөлікте беріліп, кейінгі бөліктерде студент оны қолдануға, талдауға үйренеді. Модуль бойынша негізгі дәріс материалдары осы бөлікте ұсынылады. Модульді құруда оқу материалдары студенттерге алдынала берілсе де, кіріспе бөлікте бұл материалдар проблемалық тұрғыдан ұсынылады. Бұл ретте оқу материалын ұсынуда дәріс әдісі кеңінен қолданылады.

Студенттің пәнге деген қызығушылығы, білімді құндылық ретінде бағалауы, студенттің тәртібі және өзін-өзі ұйымдастыруы оқытушының лекцияны оқу, жүргізу мәнеріне тікелей байланысты. **Дәріс** студент пен оқытушыдан ерекше байқағыштық пен белсенділікті қажет етеді, мұнда оқытушы да, студент те ойлау әрекетінің ерекше жоғары қызметімен, жана білім мен мен ескі білімді байланыстыра білу қабілетімен ерекшеленеді.

Студенттер бір оқытушының дәрісін жақсы қабылдаса, екіншісі нашар қабылдайды. Оның көптеген субъективтік және объективтік факторлары бар. Дәріс бір кезде бірнеше қызметті атқаруы керек:

- ақпараттық;
- ынталандырушы;
- дүниетанымдық;
- тәрбиелік;
- дамытушылық;

Бұдан өзге дәрістің бағдарлаушы, түсіндіруші, пән бойынша барлық білімдерді құрылымға салу, жүйелеу қызметтері де көрсетіледі. Дәрістің түрлері топтастыру өлшеміне қарай тағы да сан алуан болып келеді. Мақсатын қарай лекция оқу, ағартушылық, үгіт-насихат, тәрбиелік және дамытушылық деген түрлері ажыратылады. Мазмұны мен көлеміне қарай лекцияны академиялық, көпшілік, дидактикалық мақсатына қарай кіріспе, ағымдық, қорытынды-жинақтау дәрістері деп бөлінеді. Оқу материалының берілу сипатына қарай бинарлық немесе дәріс-дискуссия, проблемалық деген түрлері айтылады. Топтастырулардың қай-қайсысында да оқу үдерісінде оның мазмұндық қыры аса маңызды рөл атқарады. Ең жақсы деген дәріс мазмұны жағынан мынадай қасиет-сапаларға ие болуы керек:

1. Дәріс мазмұнының мәні, құндылығы.
2. Мазмұнның сенімділігі, тыңдаушының сенімін туғызуы.
3. Ақпараттық – материалдың қызықты болуы.
4. Практикамен байланыстың сақталуы.
5. Логикалық.
6. Оқытушының материалды еркін меңгеруі.
7. Эмоционалдылығы – тақырыпқа ең алдымен лектордың өзінің қызығушылық танытуы.
8. Аудиториямен байланыстың болуы.
9. Сөйлеу мәдениетінің жоғарылығы.
10. Мазмұныны түсінікті етіп жеткізуі.

Әдетте әдіскерлер жақсы лекцияны жақсы жазылған оқулықпен теңестіреді. Дәріс жақсы жазылған оқулықтан да жоғары деңгейде өтсе, ол «өте жақсы» деген бағаға лайық болады, ал ол одан асып кете алмаса, лекцияның сапасы «жақсы» деген бағаға лайық. Егер дәріс оқулықты қайталайтын болса, оның сапасы «қанағаттанарлық» бағаға тең, ал жақсы жазылған оқулық деңгейіне жетпеген лекция «қанағаттанарлықсыз» әсер етеді.

Студенттерінің арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін сараптай келе, бүгінгі дәрістің

мынадай басты кемшіліктері ретінде мыналарды атап көрсетуге болады: баяндалу мәнері; эмоционалдылықтың жетіспеуі; субъективтік себептердің орын алуы; ақпараттың жетімсіздігі; аудиториямен қарым-қатынастың жоқтығы; баяндау тілі; лектордың өзін-өзі ұстауы; дәріс материалының өмірмен байланысының болмауы т.б. Сараптау нәтижелері бойынша, дәрісті студенттер оның оқылу мазмұнына (қызықты, түсінікті, түсініксіз, логикасы жоқ қисынсыз т.б.) қарай бағалағанын көруге болады. Олардың пайымдауларында дәріс келесі талаптарға жауап беруі тиіс: лектордың студенттердің ақыл-ойын басқарып, өзіне ілестіре алуы; олардың қызығушылығын туғызу; олардың назарын дәріске аударту т.б. Оқытушының дәріс жүргізудегі келесі субъективтік факторлар да студенттердің назарынан қалмаған: дәрістің тартымсыздығы, оқытушының аудиториямен қатынасқа түспеуі (ұйқысы келіп, зерігу; өзге жұмыспен айналысу т.б.). Жүргізілген бақылаулардан дәріс жүргізуде басшылыққа алынатын келесі талаптар анықталды:

- оқытушы студенттерді ақыл-ой әрекетін ұйымдастырушы, басқарушы тұлға екенін ұмытпауы керек, сол себепті ол жалпыға бірдей эмоционалды жағдай орната білуі керек;

- лектор өз сөзін, ойын логикалық негіздеуге, дәйектеуге құруы тиіс, сол арқылы студенттердің дәріске қызығушылықтарын оятып, өздік жұмысына бағыт бере алуы керек;

- аудитория оқытушы тарапынан дәрістің аса қызығушылықпен оқылып жатқанын сезуі керек, сол арқылы оқытушы өзінің эмоциясын студенттіңнен бере алуы қажет. Оқытушының сөзі мәнерлі, мазмұнды, тартымды болса, студенттердің оны, сөзді қабылдауы да жоғары болады. Дауыс интонациясын дәрістің маңызды тұстарына келгенде құбылтып, көтеріп, ерекше мән беру студенттердің маңызды/маңызсыз ақпараттарды ажыратуына көмектеседі. Дауыс тоны айтылған нәрселердің ішіндегі бір маңызды ұғымды ажыратып тұруы тиіс. Сондай-ақ, оқытушыға әртістік қабілет те артық етпейді, әртіс адам өзінің шынайылығын жалғансыз, шебер жеткізе алады.

- дәрістің түсінікті болуы ең маңызды шешуші фактор, ол дәрістің баяндалу тілінің жалпыға түсініктілігіне байланысты. Дәрістің не туралы екендігін, ондағы маңызды мәселелерді оқытушы өзі түсінгенде ғана оның жалпыға түсініктілігі қамтамасыз етіледі. Алайда ол үшін лектор әуелі өзінің тыңдармандарымен санасып, оларды біліп алуы тиіс: олардың орташа білім деңгейі, жалпы дамуы, белсенділігі т.б.

- шебер лектор дәріс барысында студенттерді демалтып, олардың ойын, көңілдерін сергіту жолдарын да ойластыру қажет. Дәрісте қызықты оқиғаларды айта отырып, психологиялық үзіліс жасау, жеңіл қалжыңды қолдану т.б. Психологиялық демалдыруда айтылатын оқиға, қалжыңдар негізгі тақырыпқа тікелей немесе жанамалай қатысты болуы мүмкін. Бірақ оның ғылыми-танымдық мәні терең, орынды болуы керек. Егер әңгіме ұлы адамдардың өміріндегі оқиғаға құрылса, ол күнделікті ұсақ-түйек, тұрмыстық деңгейден жоғары тұруы тиіс. Психологиялық шегініс негізгі тақырыптан ауытқымай, тек оны терең түсінуге ықпал ететіндей болуы қажет. Мұндай психологиялық шегіністер мен үзілістер 2-3 минуттен аспағаны дұрыс.

Лектордың баяндау тілі – оның ең маңызды ықпал етуші құралы. Ол өзінің сөзін, тілін байытумен, дамытумен, жетілдірумен әрдайым айналысып отыруы тиіс. Өз ойын нақты, анық, қарапайым, барынша нық, бірақ ақпараттық мазмұны мен салмағын тығыз етіп жеткізу көп тәжірибені қажет етеді. Көпсөзділікке бой ұру – лектордың ең жаман қасиеті болып табылады. «Ой жетпейтен жерді, сөзбен жеткізу» келесі тілдік мәдениет нормасымен өлшенеді:

- сөзді дұрыс айту;
- кәсіби лексиканы дұрыс айту;
- сөзді дұрыс, орынды пайдалану;
- фразаларды дұрыс құрастыру;
- қажетсіз сөздерді пайдаланбау;
- жауыр болған штамп сөздерді қолданбау т.б.

Дауыс дикциясын қойып сөйлеу дәрістің мазмұнын тез түсінуге және оның логикасына ілесуге көмектеседі. Ойды анық, толық әрі қысқа да нақты жеткізуде асқан шеберлік қажет, себебі қысқа, нақты жеткіземін деп оның мазмұнына нұқсан келтіруге болмайды. Сондықтан дәріс құрастырудағы ең басты ұстаным – мазмұндылық болуы керек. Ойды, сөзді қысқартып жеткізген күнде де негізгі мәселені қайталап отыру оның маңыздылығын асыра түседі. Дауыс дикциясы мен оның өлшемдері аудиторның көлеміне қарай реттеп отыру керек. Тыңдаушы көп болған сайын дауысқа да салмақ түседі.

- дауыс ырғағын өзгертіп отыру студенттерді жалықтырмайды, бірде баяу, бірде белсенді, бірде қарқынды ырғақ студенттің құлағын жаттықтырып, есту қабілетін бір бағытқа ұйымдастырады.

Дәрістің оқылу ырғағы мен қарқыны тақырыпқа және аудиторияға қарап анықталады.

- студенттердің дәрісті жақсы қабылдауын қамтамасыз ету үшін бір мәселеден екінші мәселеге көшкенде оны дауыспен, ырғақпен, интонациямен білдіріп отыру қажет, сол кезде студенттердің бір ойдың қай жерде бітіп, екінші ой қай жерден басталғанын, екеуінің арасындағы байланысты көріп отырады.

- жаңа мәселе, тарауға көшкен кезде, мәселенің маңыздылығын айрықша даралаған кезде дауыспен үзінді жасау да психологиялық тұрғыдан тиімді болмақ.

- көрнекіліктерді (күнделікті өмірден мысал келтіру, кесте, диаграмма, суреттерді қолдану т.б.) пайдалану арқылы оқу материалын тез әрі жеңіл түсінуге, ойды, айтылғандарды қорытыдылауды жеңілдету, қиын материалды меңгеруін тиімді ұйымдастыру лекцияның сапасын арттыра түседі.

- дәріс барысында тақтаның мүмкіндігін пайдалану материалды бекітуге, оны терең түсінуге жағдай жасайды. Тақтаны барынша мақсатты түрде және ойдың ізімен пайдалану керек.

- аудиторияның ақыл-ой әрекетін белсендіру үшін шығармашылық жағдай жасау қажет. Ол үшін студенттердің оқу үдерісіне араласып отыруына жол беру керек. Мысалы, «қалай ойлайсыздар», «қалай түсінесіздер», «қандай қорытынды шығаруға болады, болар еді», «ендеше..», «демек» деген сияқты сөйлеу оралымдарын қолдану студенттердің ой, сөйлеу еркіндігіне мүмкіндік береді, сонымен қатар, аудиторияда өзара тең қарым-қатынас орнату жағдайын туғызады.

- проблемалық жағдаят кезінде студенттердің жауаптарын мадақтап, көтермелеп отыру оларға сенімділік пен еркіндік береді, осы арқылы оқу үдерісінің шығармашылық сапасы артады.

- дәрісті оқу барысындағы оқытушының дене, бет-әлпет қозғалысы ерекше рөл атқарады. Бейвербалды амалдарды қолдану арқылы сөзге көрік беру, маңызды ақпаратқа ерекше назар аударту мүмкін болады. Бет-әлпетті, қимыл-қозғалысты интонациямен үйлестіріп қолдану адамға ерекше әсер етеді.

- дәріс оқығанда лектор тыңдаушыларына қарап, олармен көзбен тікелей қарым-қатынас орната алуы тиіс. Көзде адамның ерекше қуат көзі бары белгілі, сол себепті қарым-қатынастың сәтті өтуі көп жағдайда лектордың осы қасиетіне байланысты.

- аудиториямен қатынас орнату өте қиын, егер лектор ұзақ уақыт тақтаға бір нәрселер жазып немесе ойланып тұратын болса, қарым-қатынас бұзылады. Сондықтан оқытушы бір кезде бірнеше жұмыс атқаруы керек болады, әрі сызып, жазып, әрі түсіндіре білуі керек.

Дәріс оқытушының дайындығына тікелей байланысты, сол себепті оған көп мән беру қажет. Дәрістің сапасы жанды қарым-қатынас, ой алмасу үдерісі болған жағдайда анықталады. Бұл орайда дәрістің басты ерекшелігі – оның жоғары эмоционалды болуы талап етіледі. Эмоционалды тиімді жағдай кез келген лекцияның алғышарты деуге болады. Күштеп емес, эмоционалды құштарлықпен меңгерілген дүние санада ұзақ сақталып, оның шығармашылық жалғасы болады. Н.Асановтың мақаласында лекцияның эмоционалды қасиет-сапасын қалыптастырудың келесі сатылардан тұратынын көрсетіледі [Асанов Н. Педагогические рекомендации при проведении лекции. Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №2/ 2006. 288-293]:

Дәріс студенттердің сыни ойлауын қалыптастыруы тиіс. Эмоционалдылық сапасының жоғары болуы кейінгі сыни ойлау үдерісінің жоғары деңгейде өтуіне әсер етеді. Сыни ойлау жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің басты ерекшелігі болып табылады. Сыни ойлауға мынадай белгілер тән:

- сыни ойлау адамның өз бетімен, дербес ойлауы, яғни ол адамды өзгелерден даралаушы қасиеттердің бірі болып табылады;

- сыни ойлау басты мәселені анықтап, оны шешу жолдарын белгілеуден басталады;

- сыни ойлауда адам не нәрсені болсын дәлелдеп, негіздеп, пайымдауға бағытталады;

- сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады.

Студенттердің сыни ойлауын дамыту үшін оқу үдерісіне қатысушы субъектілердің таным үдерісіне белсенді араласуын қамтамасыз ету керек. Дәстүрлі дәрісті осы орайда жаңа мазмұнда ұйымдастыру қажет. Себебі дәстүрлі дәріс негізінен оқытушының біржақты монологуна құрылып, студенттерге тек нақты ақпаратты жеткізу қызметін атқарады. Ал студенттер тек тыңдаушының және оны жазушының ғана рөлінде көрінеді. Оқытушы мен студенттің арасында жанды талқылау, пікір алмасу, әңгімелесу болмайды. 1,5 сағата бойы бір адамның сөзін тыңдау студентке, тіпті үлкен адамға да өте ауыр және оқу үдерісін бұлайша ұйымдастыру практикалық тиімді емес. Адамның тыңдағаны тез ұмытылады, көргені есінде ұзақ сақталады, ал оны өзі орындаса, толық түсінеді. Сол себепті әрбір студентті оқу үдерісіне тікелей қатыстыру, оның негізгі белсенді тұлғаға айналдыру бүгінгі дәрістің басты ерекшелігі болуы тиіс. Студенттің оқу материалын өзі

таңдап, өзінің көзқарасын, талғамын қалыптастыру, өзіне-өзі, өзгелерге баға беруге, көзқарасын дәлелдеуге, тыңдаушылардың алдында сөз сөйлеп, өз ойын еркін жеткізуге үйрету доға оқу орнының ең негізгі міндеті болып табылады.

Дәріс барысында оқытушы мен студенттердің арасындағы қарым-қатынасты жандандыру үшін **топтық әдісті** қолдану тиімді. Топтық жұмыс барысында білім бәсекелестік жағдайында және жанды қарым-қатынас жағдайында меңгеріледі. Шағын топтарда жұмыс істеу арқылы студенттер ұжымға үйренеді, бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, оқуға ынталандырады. Мұндай жағдайда оқытушы оқу үдерісін үйлестіруші, бағыттаушы, оған кеңесші тұлғасында көрінеді. Топтық әдіс ойындарды қолдануға тірек болады. Топтық әдісте лекция материалдары 1-2 бет көлемінде әр топқа таратып беріледі. Әр топ өзіне берілген лекция материалымен өзара танысып, талқылап, материал бойынша сұрақтарын дайындайды. Дәрістің алғашқы беттері берілген топ бірінші бастап, қалғандары оларға сұрақтарын қояды. Бұл уақыт ұту үшін және студенттердің алдын-ала берілген дәріс материалдарын ширатып, пысықтау үшін өте тиімді. Студенттердің дәріс материалын толық түсінгендігін тексеру үшін ендігі кезеңде студенттерге әдейі қате жіберілген лекция материалын беріп, одан белгілі бір мөлшердегі қатені табуға тапсырма беру тиімді. Ол үшін студенттерге 15 минут көлемінде уақыт беріледі. Жіберілген қателер кездейсоқ болмауы керек. Ол материалдың ең маңызды, пікірдің ең өзекті жерлеріне қатысты болуы керек. Студенттердің материалды қаншалық терең түсініп, ақпаратты қаншалықты бағалағандарын, маңызды/аса маңызды емес бөліктерге бөлгенін көруге болады. Мұндай дәріс студенттердің сыни ойлауын қалыптастырып, өз-өздерін тексеру үшін өте тиімді болғандықтан оқу үдерісінің рефлексиялық сапасы арта түседі.

«36» ойыны. Студенттерге болатын дәрістің жазбаша мәтінін шағын мағыналық тақырыптарға бөліп, оны топтарға таратып беруге болады. Әр топ мәтінмен жұмыс істеп, оны өзара талқылайды. Студенттерді топқа бөлуде «36» ойынын қолдану тиімді. Бұл студенттерді шағын топтарға әділ бөлу үшін өте қызықты ойын. Мұндағы 3 – уақыт, 6 – студенттердің саны. Ойынның мәні: 3 минуттің ішінде 6 студент бір жерге жиналуы керек. Ол үшін студенттерге 5 түрлі суреті бар құттықтау қағазының әрқайсысы (открытка) 6 бөлікке қиылып, әр бөлік әрбір студентке бір-бірден таратылады (30 студентке с бөліктен). 3 минутте студенттер қолдарындағы қағаздарды тұтастыққа біріктіруі керек. Біріккен 6 бөлік – 6 студент бір команда болып құрылады. Кейде қағаздарға қандай да бір терминнің анықтамасын беріп, оны құрастырып оқуға тапсырма беруге де болады.

«Түймедағы» ойыны. Бұл ойынды дәрес басталмастан бұрын студенттерді болатын тақырып туралы ойландыру мақсатында да қолдануға болады. Тек бұл кезде ойын сәл өзгеше өтеді. Әрбір шағын топ 1 сұрақтың айналасына жиналады, сол себепті бұл ойынды «Түймедағы» ойыны деуге келеді. Әр студент 1 сұрақтың айналасына жиналады, ал 1 сұрақтың 6 жауабы болады. Мысалы: «Мәтін дегеніміз не?» деген сұрақтың айналасына келесі жауаптары бар студенттер жиналады:

1. «Мәтін – бұл шынайы өмірдің көрінісі» [М.Л.Мышкина].
2. «Мәтін – оны жасаушы автор ойының тілдік көрінісі» [Д.Н.Лихачев].
3. «Көркем мәтін – шындық өмірдің көрінісі. Мәтін жағдаятындағы сөз мағыналары мәтінді мәтінастарында берілген шындықпен байланыстырады» [В.П.Белянин].
4. «Мәтін бұл функционалдық тұрғыдан аяқталған сөйлеу тұтастығы» [А.А.Леонтьев].
5. «Мәтін ерекше ұйымдасқан жеке динамикалық жүйе» [Н.А.Николина].
6. «Мәтін сөйлеуші мен тыңдаушыны байланыстырушы бөлік» [Л.В.Сахарный].

Осы сұрақтың айналасына жиналған шағын топ берілген анықтамаларды түсіндіріп, олардың арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді, өздерінің тұжырымдарын айтады. Бұл ойынды тек лекцияның соңында да, студенттердің материалды қалай игергендіктерін тексеру үшін қолдануға болады. Сондай-ақ, практикалық сабақтарда да қолдану тиімді. Осы арқылы студенттің дайындығын байқауға болады.

«Синквейн» ойыны. Синквейн сатылы жауапқа негізделеді, әр сатыға лайықты және тақырыпқа қатысты сөздер болуы керек:

1-жол: 1 зат есім.

2-жол: 2-3 сын есім немесе анықтауыш сөздер.

3-жол: 3 етістік.

4-жол: 1 толық сөйлем.

5-жол: қорытынды сөз немесе сөз тіркесі (субъективтік қорытынды).

Мұнда әрбір сөз, сөз тіркесі, сөйлем бір мәселе төңірегінде және бір-бірімен байланысты болады. Әсіресе 2 және 5 жолдардың мағыналары 1 жолдағы сөзбен мағыналық байланысты болуы

шарт. Жауаптың үлгісі мынадай болады:

1. Мәтін
2. Күрделі, маңызды, мағыналы.
3. Сөйлеуде жасалады, түрлерге бөлінеді, бірліктерден түзіледі.
4. Мәтіннің жасалу заңдылықтары мен тәртібі бар.
5. Мәтін ерекше сөйлеу бірлігі.

Синквейн ойынын шағын топпен де, жеке де ұйымдастыруға болады. Дәріс, практикалық сабақтың қорытынды бөлігінде қолдану тиімді.

Дәрістің ең басты артықшылығы – оның мазмұнының проблемалық болуында. Студенттердің сыни ойлауын дамытуда **проблемалық әдісті** қолдану шешуші рөлді атқарады.

Проблемалық әдістің мақсаты – студенттің танымдық іс-әрекетін белсендіру арқылы алдына қойылған мәселені шешуге үйрету. Бұл тек қана оқыту үшін ғана керек емес, проблемалық әдісті қолдануда ақыл-ой еркіндігі мен моральдық тәуелсіздігі қалыптасады, өз ісі мен ойының арасында алшақтықты болдырмауға, өз-өзімен үйлесімдікте болуға үйретеді. Студент өзін ойландыратын сұрақтарды шешуге араласады, ол туралы өзіндік көзқарастары мен ұғымын қалыптастырады. Осы мақсатта студентке ұсынылатын оқу мазмұны проблемалық болу үшін проблемалық жағдаят жасау керек. **Проблемалық жағдаят** дегеніміз – ол студентті қызықтырған құбылысты, оқиғаны, үдерісті өзінің бұрын алған білімдері мен әдістері арқылы шешу қиындық тудыратын, ақыл-ой күшін қажет ететін белгілі бір психикалық жай-күй болып есептеледі. А.М.Матюшкин проблемалық жағдаятты адамның белгілі бір психикалық жай-күйі десе, М.И.Махмутов оны адамның интеллектуалдық қиналуы, ол адамның қызықтырған мәселесін немесе құбылысын осыған дейінгі білімдері, амал-тәсілдері арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда пайда болады дейді.

Проблемалық жағдаятта үйренушінің бұрынғы білімдері аса көмектеспейді де, ол одан шығудың басқа жолдарын ойлайды, бас қатырады, осылайша, осы туралы бұрын неге ойланбағанын деген сияқты сауалға итермелейтіндей, таң қалатындай болуы керек. «Мышление всегда начинается с проблемы или вопроса, с удивления или недоумения, с противоречия. Этой проблемной ситуацией определяется вовлечение личности в мыслительный процесс» [С.Л.Рубенштейн]. Проблемалық жағдаятты қалыптастырудың түрлі жолдары бар:

- өздерінің бұрынғы білімдеріне сәйкес келмейтін мысал келтіру;
- бір-біріне кереғар бір нәрсе туралы екі пікірді, мысалды салыстыру, сол арқылы оны теориялық біліммен ғана шешу «мүмкін емес» қалыптан тыс жағдай туғызу;
- аяқталған шығарманы немесе ғалым тұжырымын басқа жағдайда алып қарау, салыстыру;
- бір қарағанда бір-біріне ұқсамайтын мысалдарды салыстыру т.б.

Проблемалық жағдаят нақты проблеманың неде екенін анықтағанда аяқталады да, мәселені шешудің кілті, көзі айқындалады. Сәтсіз қойылған сұрақ оқытушының барлық жұмысын жоққа шығарып, тыңдаушының қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Бұл көп жағдайда сұрақ иә тым қиын болып, тыңдаушылар бұл проблемалық жағдайдан шығудың жолы жоқ екенін көрген кезде, иә сұрақ тым оңай болғанда сәтсіз болып жатады.

Дұрыс қойылған сұрақ проблема туғызып отырған нәрсе туралы білімді нақтылайды, оның анықтала түсуіне әсер етеді. Проблемалық сұрақ тыңдаушыларды мынадай әрекеттерге жетелеуі керек:

- студент ол мәселенің теориялық немесе практикалық тұрғыдан қиын екенін сезуі керек;
- нақты проблемалық жағдайдағы проблеманы көріп немесе оқытушы анықтап берген проблеманы түсіне білуі қажет;
- осы проблеманы шешуге өзінің ынтасымен берілуі керек;
- және оны шеше алуы керек; [Оконь В. Проблемное обучение. М, 1968. 54-55б].

Дәрістің сапасын ондағы материалдың оқылуына қарай анықталады. Ол студенттің сыни ойлауына тірек болып, дербес танымдық әрекетін оятатындай болуы тиіс, сондай-ақ олардың пәнге деген ынтасын арттыратындай болуы керек. Студент ойлау әрекеті біршама қалыптасқан, өзіндік ойы, көзқарасы бар тұлға. Сондықтан лекцияның проблемалық тұрғыдан мазмұндалуы олардың танымдық, зерттеушілік қажеттіліктерін қанағаттандырады. «Всякий, кто желает к ним приобщиться, должен достигнуть этого собственным напряжением» [А.Дистерверг], демек, білім мазмұнының студенттердің танымдық қажеттіліктеріне орай күрделендіріп, ақыл-ойына күш түсіретіндей етіп ұсыну бұл дәрісті құрастырудың маңызды шарты болып табылады. «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» пәні филологиялық мамандықтарға тек соңғы курста

оқытылатындықтан оның теориялық базасы терең құрылуы керек. Теориялық материал студенттердің дәрісте алуы тиіс маңызды ақпараты болғанмен, онда жекелеген ұғымдар мен теориялық қағидаларға түпкілікті тоқталып, оны анықтамалық кітапқа айналдыруға болмайды. Мұндай мәселелерді студенттер өз бетімен оқып білуі тиіс. Дәріс неғұрлым соңғы, жаңа және маңызды мәселелерге құрылып, студенттердің одан әрі дербес ізденуіне түрткі болуы тиіс. Дәрістің дамытушылық қызметі осы арқылы жүзеге асады. Дәріс құрастыруда негізгі және қосымша әдебиеттерді іріктеуге немқұрайды қарауға болмайды. Себебі аса маңызды емес оқулықты оқу студенттің уақытын алады, Ромен Ролланның сөзімен айтқанда, мұндай қажетсіз кітаптарды оқыту «ақылды тоздырады». Студенттерге маңызды оқулықтар мен еңбектерді, зерттеулерді оқытуға ынталандыру, сол арқылы өзбілімдерін өздері толықтыруына, дамытуына, жетілдіруіне мүмкіндік беру лекцияның басты міндеті болуы тиіс. Оқулықтар мен зерттеулерді, еңбектерді оқу механикалық әрекет емес. Ол студенттен үлкен ақыл-ой күшін, терең ойланып-толғануды қажет етеді. Еңбекті түсініп атқармайынша оның сіңімді болмайтыны Абай Құнанбаевтың қарасөздерінде де айтылған болатын. Көп студенттер әдебиеттерді, еңбектерді қалай оқудың жолын білмейді, негізгі және маңызды мәселені танып-біле алмай қиналады. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтар болсақ, оқу бұл әлі еш нәрсе емес, мәселе нені оқуда және оны қалай түсінуде. Бұл мәселені лекция сабақтары да, практикалық сабақтар да барлығы бірлесе отырып шешуі керек. Студент жоғары оқу орнында оқыған аз уақытында «өмірлік» білім алып шыға алмайды, бүгінгі білімі ертеңіне мооральдық, мазмұндық, теориялық және практикалық құндылығы жағынан ескіріп қалуы мүмкін, сондықтан оларға «өміршең» білім берудің амал-тәсілдеріне, әдістеріне үйрету қажет. Бұл лекция мазмұнына, жалпы оқу үдерісіне маңызды міндеттер жүктейді.

Конспектімен үнемі жүйелі жұмыс істеу жадыны жақсартса, конспектілеу ойды қысқа да нақты жеткізуге тәрбиелейтін әдіс болып табылады. Конспектілеу саналы түрде іске асқан кезде, адамның барлық ақпарат алу көздерін іске қосылады: көру, есту, іштей ойлану, жазу т.б. Сондықтан лекцияны жоғары деңгейде өткізу оқытушыдан үлкен шеберлікті, терең ақыл-ой үдерісін қажет етеді. Конспекті жасаудың қалыптасқан дайын рецептісін беру мүмкін емес. Конспект жасау әр адамның даралық ерекшеліктерін көрсетеді. Әр адам ақпаратты қалай қабылдайды, қалай көреді, солай сұрыптайды. Жадысы жақсы дамыған адамның конспектісі қысқа тезис түрінде келеді. Тезис жасау тақырыпты игеруде маңызды, өзекті мәселелерді ажырата білуге үйретеді. Ол материалды толық оқып, ондағы ақпаратты сұрыптаған соң ғана мүмкін болады. Тезис жасау конспектілеудің бір түрі. Конспектінің қысқалығы материалды жан-жақты зерттеп, сұрыптап, оны түсінікті стильде жазумен қамтамасыз етіледі. Дәрістің тілі де студенттің түсінігіне жеңіл, қысқа, бірақ ой тереңдігі жағынан салмақты болуы шарт.

Оқу модулінің кіріспе бөлігінде лекция әдісі негізгі әдіс ретінде қолданылып, тірек кестелері мен конспект, тезис жасау, тақырып каталогін құру, картотекамен жұмыс сияқты студенттердің өздік жұмыстарымен қатар жүзеге асса, негізгі бөлікте студенттердің оперативтік-мазмұндық әрекеттеріне басымдық беріледі.

Әдебиет

1. *Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А.* Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. - Алматы, Ғылым, 2002. 184б.
2. *Исаев С.М.* Көркем шығарма тілі және оны түйсіну мен түсіндіру мәселесі // Көркем шығарма тексін талдаудың мәселелері. Ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 1993. 3-4бб.
3. *Оразбаева Ф.Ш.* Көркем тексті интенсивті оқыту ерекшеліктері // Көркем шығарма тексті талдаудың мәселелері. Ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 1993.

Резюме

В статье рассматриваются методы и приёмы модульного обучения лингвистическому анализу художественного текста.

Summary

The article deals with the modern modules of education, methods and techniques in teaching linguistic analysis of the text.